ISSN 2518-1467 (Online),
ISSN 1991-3494 (Print)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ

Х А Б А Р Ш Ы С Ы

ВЕСТНИК

НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ НАУК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

THE BULLETIN

THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

PUBLISHED SINCE 1944

4

JULY – AUGUST 2021

ALMATY, NAS RK

NAS RK is pleased to announce that Bulletin of NAS RK scientific journal has been accepted for indexing in the Emerging Sources Citation Index, a new edition of Web of Science. Content in this index is under consideration by Clarivate Analytics to be accepted in the Science Citation Index Expanded, the Social Sciences Citation Index, and the Arts & Humanities Citation Index. The quality and depth of content Web of Science offers to researchers, authors, publishers, and institutions sets it apart from other research databases. The inclusion of Bulletin of NAS RK in the Emerging Sources Citation Index demonstrates our dedication to providing the most relevant and influential multidiscipline content to our community.

Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы «ҚР ҰҒА Хабаршысы» ғылыми журналының Web of Science-тің жаңаланған нұсқасы Emerging Sources Citation Index-те индекстелуге қабылданғанын хабарлайды. Бұл индекстелу барысында Clarivate Analytics компаниясы журналды одан әрі the Science Citation Index Expanded, the Social Sciences Citation Index және the Arts & Humanities Citation Index-ке қабылдау мәселесін қарастыруда. Web of Science зерттеушілер, авторлар, баспашылар мен мекемелерге контент тереңдігі мен сапасын ұсынады. ҚР ҰҒА Хабаршысының Emerging Sources Citation Index-ке енуі біздің қоғамдастық үшін ең өзекті және беделді мультидисциплинарлы контентке адалдығымызды білдіреді.

НАН РК сообщает, что научный журнал «Вестник НАН РК» был принят для индексирования в Emerging Sources CitationIndex, обновленной версии Web of Science. Содержание в этом индексировании находится в стадии рассмотрения компанией Clarivate Analytics для дальнейшего принятия журнала в the Science Citation Index Expanded, the Social Sciences Citation Index и the Arts & Humanities Citation Index. Web of Science предлагает качество и глубину контента для исследователей, авторов, издателей и учреждений. Включение Вестника НАН РК в Emerging Sources Citation Index демонстрирует нашу приверженность к наиболее актуальному и влиятельному мультидисциплинарному контенту для нашего сообщества.

Бас редактор:

ҚОЙГЕЛДИЕВ Мәмбет Құлжабайұлы (бас редактор), тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі (Алматы, Қазақстан) H = 3

Редакция алқасы:

ОМАРОВ Бауыржан Жұмаханұлы (бас редактордың орынбасары), филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі (Нұр-Сұлтан, Қазақстан) H = 4

МАТЫЖАНОВ Кенжехан Слямжанұлы, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі (Алматы, Қазақстан) H =1

САПАРБАЕВ Әбдіжапар Жұманұлы, экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі, Халықаралық инновациялық технологиялар академиясының президенті (Алматы, Қазақстан) H = 4

ЙОВИЦА Раду Патетре, Ph.D (археология), Нью-Йорк университетінің профессоры (Нью-Йорк, АҚШ) H = 19

БАНАС Йозеф, әлеуметтану ғылымдарының докторы, Жешув технологиялық университетінің профессоры (Жешув, Польша) H = 26

ЛУКЬЯНЕНКО Ирина Григорьевна, экономика ғылымдарының докторы, профессор, Украинаның еңбек сіңірген ғылым және техника қайраткері, «Киев-Мохила академиясы» ұлттық университетінің кафедра меңгерушісі (Киев, Украина) H = 2

МАКУЛОВА Айымжан Төлегенқызы, экономика ғылымдарының докторы, профессор, Нархоз Университеті (Алматы, Қазақстан) H = 3

ИСМАҒҰЛОВ Оразақ Исмағұлұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі (Нұр-Сұлтан, Қазақстан) H = 6

ӘБЖАНОВ Ханкелді Махмұтұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі (Алматы, Қазақстан) H = 4

БИЖАНОВ Ахан Хұсайынұлы, саясаттану ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, Философия, саясаттану және дінтану институтының директоры (Алматы, Қазақстан) H = 1

ТАЙМАҒАМБЕТОВ Жакен Қожахметұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі (Алматы, Қазақстан) H = 4

СҮЛЕЙМЕНОВ Майдан Күнтуарұлы, заң ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі (Алматы, Қазақстан) H = 1

САБИКЕНОВ Салахиден Нұрсарыұлы, заң ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі (Алматы, Қазақстан) H = 2

ҚОЖАМЖАРОВА Дариякул Пернешқызы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі (Алматы, Қазақстан) H = 2

БАЙТАНАЕВ Бауыржан Әбішұлы, тарих ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА академигі (Алматы, Қазақстан) H = 1

БАЗАРБАЕВА Зейнеп Мүслімқызы, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі (Алматы, Қазақстан) H = 1

ШАУКЕНОВА Зарема Каукенқызы, әлеуметтану ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі (Алматы, Қазақстан) H = 1

ЖОЛДАСБЕКОВА Баян Өмірбекқызы, филология ғылымдарының докторы, професор, ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі (Алматы, Қазақстан) H = 2

НУРҚАТОВА Ляззат Төлегенқызы, әлеуметтану ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі (Алматы, Қазақстан) H = 1

ӘБІЛҚАСЫМОВА Алма Есімбекқызы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Ресей білім академиясының академигі (Мәскеу қ.), Педагогикалық білім беруді дамыту орталығының директоры (Алматы, Қазақстан) H = 1

ШИШОВ Сергей Евгеньевич, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, педагогика кафедрасының меңгерушісі, К.Г. Разумовский атындағы Мәскеу мемлекеттік технологиялар және басқару университетінің Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар және технологиялар факультетінің деканы (Мәскеу, Ресей) H = 34

ДИБО Анна Владимировна, филология ғылымдарының докторы, РҒА корреспондент-мүшесі, РҒА Тіл білімі институтының Орал-алтай тілдері бөлімінің меңгерушісі (Мәскеу, Ресей) H = 3

«Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Хабаршысы».
ISSN 2518-1467 (Online),
ISSN 1991-3494 (Print).

Меншіктенуші: «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» РҚБ (Алматы қ.).Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 12.02.2018 ж. берілген **№ 16895-Ж** мерзімдік басылым тіркеуіне қойылу туралы куәлік.

Тақырыптық бағыты: *әлеуметтік ғылымдар саласындағы зерттеулерге арналған.*

Мерзімділігі: жылына 6 рет.

Тиражы: 300 дана.

Редакцияның мекен-жайы: 050010, Алматы қ., Шевченко көш., 28, 219 бөл., тел.: 272-13-19

http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/

© Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы, 2021

Типографияның мекен-жайы: «Аруна» ЖК, Алматы қ., Мұратбаев көш., 75.

Главный редактор:

КОЙГЕЛЬДИЕВ Мамбет Кулжабаевич (главный редактор), доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК (Алматы, Казахстан) Н = 3

Редакционная коллегия:

ОМАРОВ Бауыржан Жумаханулы (заместитель главного редактора), доктор филологических наук, профессор, академик НАН РК (Нур-Султан, Казахстан) Н = 4

МАТЫЖАНОВ Кенжехан Слямжанович, доктор филологических наук, профессор, член-корреспондент НАН РК (Алматы, Казахстан) Н = 1

САПАРБАЕВ Абдижапар Джуманович, доктор экономических наук, профессор, почетный член НАН РК, президент Международной академии инновационных технологий (Алматы, Казахстан) Н = 4

ЙОВИЦА Раду Пэтрэ, доктор философии (Ph.D, археология), профессор Нью-Йоркского университета (Нью-Йорк, США) Н = 19

БАНАС Йозеф, доктор социологических наук, профессор Жешувского технологического университета (Жешув, Польша) Н = 26

ЛУКЬЯНЕНКО Ирина Григорьевна, доктор экономических наук, профессор, заслуженный деятель науки и техники Украины, заведующая кафедрой Национального университета «Киево-Могилянская академия» (Киев, Украина) Н = 2

МАКУЛОВА Айымжан Тулегеновна, доктор экономических наук, профессор, Университет Нархоз (Алматы, Казахстан) Н = 3

ИСМАГУЛОВ Оразак Исмагулович, доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК (Нур-Султан, Казахстан) Н = 6

АБЖАНОВ Ханкелди Махмутович, доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК (Алматы, Казахстан) Н = 4

БИЖАНОВ Ахан Хусаинович, доктор политических наук, член-корреспондент НАН РК, директор Института философии, политологии и религии (Алматы, Казахстан) Н = 1

ТАЙМАГАМБЕТОВ Жакен Кожахметович, доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК (Алматы, Казахстан) Н = 4

СУЛЕЙМЕНОВ Майдан Кунтуарович, доктор юридических наук, профессор, академик НАН РК (Алматы, Казахстан) Н = 1

САБИКЕНОВ Салахиден Нурсариевич, доктор юридических наук, профессор, академик НАН РК (Алматы, Казахстан) Н = 2

КОЖАМЖАРОВА Дариякуль Пернешевна, доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК (Алматы, Казахстан) Н = 2

БАЙТАНАЕВ Бауржан Абишевич, доктор исторических наук, академик НАН РК (Алматы, Казахстан) Н = 1

БАЗАРБАЕВА Зейнеп Муслимовна, доктор филологических наук, профессор, член-корреспондент НАН РК (Алматы, Казахстан) Н = 1

ШАУКЕНОВА Зарема Каукеновна, доктор социологических наук, профессор, академик НАН РК (Алматы, Казахстан) Н = 1

ЖОЛДАСБЕКОВА Баян Омирбековна, доктор филологических наук, профессор, член-корреспондент НАН РК (Алматы, Казахстан) Н = 2

НУРКАТОВА Ляззат Толегеновна, доктор социологических наук, профессор, член-корреспондент НАН РК (Алматы, Казахстан) Н = 1

АБЫЛКАСЫМОВА Алма Есимбековна, доктор педагогических наук, профессор, академик НАН РК, академик Российской академии образования (г. Москва), директор Центра развития педагогического образования (Алматы, Казахстан) Н = 1

ШИШОВ Сергей Евгеньевич, доктор педагогических наук, профессор, заведующий кафедрой педагогики, декан факультета Социально-гуманитарных наук и технологий Московского государственного университета технологий и управления имени К.Г. Разумовского (Москва, Россия) Н = 34

ДЫБО Анна Владимировна, доктор филологических наук, член-корреспондент РАН, заведующий отделом урало-алтайских языков Института языкознания РАН (Москва, Россия) Н = 3

«Вестник Национальной академии наук Республики Казахстан».
ISSN 2518-1467 (Online),
ISSN 1991-3494 (Print).

Собственник: РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан» (г. Алматы). Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Комитете информации Министерства информации и коммуникаций и Республики Казахстан **№ 16895-Ж,** выданное 12.02.2018 г.

Тематическая направленность: *посвящен исследованиям в области социальных наук.*

Периодичность: 6 раз в год.

Тираж: 300 экземпляров.

Адрес редакции: 050010, г. Алматы, ул. Шевченко, 28, ком. 219, тел. 272-13-19

http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/

© Национальная академия наук Республики Казахстан, 2021

Адрес типографии: ИП «Аруна», г. Алматы, ул. Муратбаева, 75.

Editor in chief:

KOIGELDIEV Mambet Kulzhabaevich (Editor-in-Chief), Doctor of History, Professor, Academician of NAS RK (Almaty, Kazakhstan) H = 3

Editorial board:

OMAROV Bauyrzhan Zhumakhanuly (Deputy Editor-in-Chief), Doctor of Philology, Professor, Academician of NAS RK (Nur-Sultan, Kazakhstan) H = 4

MATYZHANOV Kenzhekhan Slyamzhanovich, Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of NAS RK (Almaty, Kazakhstan) H = 1

SAPARBAYEV Abdizhapar Dzhumanovich, Doctor of Economics, Professor, Honorary Member of NAS RK, President of the International Academy of Innovative Technology, (Almaty, Kazakhstan) H = 4

JOVICA Radu Petre, Ph.D, History, Archeology, Professor, New York University (New York, USA) H = 19

BANAS Joseph, Doctor of Social science, Professor, Rzeszow University of Technology (Rzeszow, Poland) H = 26

LUKYANENKO Irina, doctor of economics, professor, honored worker of Science and Technology of Ukraine, head of the department of the National University «Kyiv-Mohyla Academy» (Kiev, Ukraine) H = 2

MAKULOVA Ayymzhan Tulegenovna, doctor of economics, professor, Narkhoz University (Almaty, Kazakhstan) H = 3

ISSMAGULOV Orazak Issmagulovich, Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of NAS RK (Nur-Sultan, Kazakhstan) H = 6

ABZHANOV Khankeldi Makhmutovich, Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of NAS RK (Almaty, Kazakhstan) H = 4

BIZHANOV Akhan Khusainovich, Doctor of Political Sciences, Corresponding Member of NAS RK, Director of the Institute of Philosophy, Political Science and Religion (Almaty, Kazakhstan) H = 1

TAIMAGAMBETOV Zhaken Kozhakhmetovich, Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of NAS RK, (Almaty, Kazakhstan) H = 4

SULEYMENOV Maidan Kuntuarovich, Doctor of Law, Professor, Academician of NAS RK (Almaty, Kazakhstan) H = 1

SABIKENOV Salakhiden Nursarievich, Doctor of Law, Professor, Academician of NAS RK (Almaty, Kazakhstan) H = 2

KOZHAMZHAROVA Dariyakul Perneshevna, Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of NAS RK (Almaty, Kazakhstan) H = 2

BAITANAEV Baurzhan Abishevich, Doctor of Historical Sciences, Academician of NAS RK (Almaty, Kazakhstan) H = 1

BAZARBAYEVA Zeinep Muslimovna, Doctor of Philology, Professor, Academician of NAS RK (Almaty, Kazakhstan) H = 1

SHAUKENOVA Zarema, Doctor of Sociology, Professor, Academician of NAS RK (Almaty, Kazakhstan) H =1

DZHOLDASBEKOVA Bayan Umirbekovna, Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of NAS RK H = 2

NURKATOVA Lyazzat Tolegenovna, Doctor of Social Sciences, Professor, Corresponding Member of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan (Almaty, Kazakhstan) H = 1

ABYLKASYMOVA Alma Yessimbekovna, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Academician of NAS RK, academician of the Russian Academy of Education (Moscow), Director of the Center for the Development of Pedagogical Education (Almaty, Kazakhstan) H = 1

SHISHOV Sergey, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Head of the Department of Pedagogy, Dean of the Faculty of Social Sciences and Humanities and Technologies of the Razumovsky Moscow State University of Technologies and Management (Moscow, Russia) H = 34

DYBO Anna Vladimirovna, Doctor of Philology, Corresponding Member of the Russian Academy of Sciences, Head of the Department of Ural-Altaic Languages of the Institute of Linguistics of the Russian Academy of Sciences (Moscow, Russia) H = 3

Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.
ISSN 2518-1467 (Online),
ISSN 1991-3494 (Print).

Owner: RPA «National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan» (Almaty). The certificate of registration of a periodical printed publication in the Committee of information of the Ministry of Information and Communications of the Republic of Kazakhstan **No. 16895-Ж,** issued on 12.02.2018.

Thematic focus: *it is dedicated to research in the field of social sciences.*

Periodicity: 6 times a year.

Circulation: 300 copies.

Editorial address: 28, Shevchenko str., of. 220, Almaty, 050010, tel. 272-13-19

http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/

© National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 2021

Address of printing house: ST «Aruna», 75, Muratbayev str, Almaty.

BULLETIN OF NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
ISSN 1991-3494
Volume 4, Number 392 (2021), 220– 228 **https://doi.org/10.32014/2021.2518-1467.157**

ӘОЖ 808.1

Секей Ж.[1*], Али Аббас Чинар[2]

[1]«Alikhan Bokeikhan Universitety» ББМ, Семей, Қазақстан;
[2]Мугла Сыткы Кочман университеті, Мугла, Түркия.
E-mail: janbota2010@mail.ru

ТЕЛЬМАН БОҚЫБАЙҰЛЫ ӘҢГІМЕЛЕРІНДЕГІ КЕЙІПКЕРЛЕР ӘЛЕМІ

Аннотация: Мақалада шет елдегі қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі қазақ прозасында өзіндік орны, дара қолтаңбасы бар жазушы Тельман Боқыбайұлының әңгімелері қарастырылған. Т.Боқыбайұлы қайсыбір жазушылардай бірдің басын, бірдің аяғын шалмай, бірден әңгіме жанрына қалам тартып, осы жанрмен түлеп қанаттанған қаламгер. Зерттеу барысында жазушының қазақ әдебиетіндегі елеулі орны айқындалып, әңгімелеріндегі кейіпкерлердің ішкі әлемі мен мінез-құлқы зерделенді. Жазушының қоғам, замана келбетін айқын ашатын тақырыптарды дер кезінде көре білуін, оларды көркемдік тұрғыдан жинақтап, шынайы суреткер ретінде негізгі мақсат пен идеяға жету жолындағы ізденістерінің қыр-сыры талданды. Сонымен қатар жазушының шығармашылық ізденістеріне баға беріліп, әңгімелері идеялық-тақырыптық тұрғыдан сараланды. Соның нәтижесінде аға буын өкілдерінің шығармашылығындағы ұқсастықтар анықталып, кейіпкерлер жүйесін жасауда, ұлттық мінезді шынайы бейнелеудегі қаламгердің суреткерлік шеберлігіне баса назар аударылды. Қаламгер туындыларындағы өмірлік шындықтың боямасыз көріністері нақты талдаулар нәтижесінде ашылды. Талдау барысында қаламгер кейіпкерлері қарапайым ауыл адамдары екендігі айқындалды. Қалай десек те, Тельман Боқыбайұлының әңгімелері түйіндері мол, өмір шындығымен оқырманын жалықтырмайды. Тіршіліктің жықпыл-жықпылындағы адамның рухани құлдырау және өрлеу жолдарын арқау еткен түрлі сипаттағы әңгімелерінде бүгінгі ұлттың шынайы бет-бейнесі боямасыз сомдалған. Жатсынған ұрпақ, рухани азғындаған қандықол қылмыскерлер психологиясын суреттеу арқылы жазушы тұлғалық рухани күйреудің себеп-салдарын ашуға ұмтылады. Оған әңгімеге арқау болған оқиғалардың саясиланбай, өткен қоғамның келеңсіздіктерін ашуға батыл қадам жасауының септігі тисе керек. Оның өзіндік ой тұжырымдары, философиялық түйіндері кім-кімді де бейжай қалдырмайды. Бұл, түптеп келгенде, жеке адамның ғана емес, тұтас қоғамның беталысы мен бағдарын танытатын жағдай болғандықтан, ұлттық мәселе деңгейінде бағаланғаны абзал.

Сондай-ақ жазушы адам мінездеріндегі кейбір соқыр сенімдерді әжуалап, оның зиянды сарқыншақтарын әшкерелеп, тарихи уақыт пен кеңістікке автор өзге әлемнен қарап отырғандай әсер қалдырады. Әрі Т. Боқыбайұлы өз уақытына жақын тұрып, сол заманның барлық тарихи шындықтарын көркем шындыққа көшірген. Өйткені қашанда өмір шындығынан көркем шындықтың ғұмыры ұзақ болатындығын, есте мәңгі сақталатындығын көзі қарақты оқырман жақсы түйсінеді. Боқыбайұлы әңгімелерінің оқиғасы негізінен ауылда өтеді. Жазушы қаһармандарын ең алдымен адамгершілік пен адалдық мәселесі толғандырады.

Түйін сөздер: шет елдегі қазақ әдебиеті, әңгіме, кейіпкерлер жүйесі, көркемдік уақыт пен кеңістік, суреткерлік шеберлік.

Кіріспе. Әңгіме жазуда жұртшылық назарын аударып, бірден көзге түскен Тельман Боқыбайұлы шет елдегі қазақ прозасында өзіндік қолтаңбасын қалдырған, өз стилі қалыптасқан жазушылардың бірі. Жазушы прозаға нақты бағдарламамен келді. Өйткені автор прозалық шығармаларында өз дәуірінің басты мәселелерін, тарихи кезең туғызып отырған жағдайларды, халық өміріндегі өзгерістерді жан-жақты қамтуға тырысқан. Жазушы өткен уақыттың тарихи шежіресін баяндауға, халық өмірінің жаугершілік замандағы тіршілігі мен еркіндіктегі кезеңін суреттеуге аса құлық таныта қоймайды. Оның эпостық дүниетаным мен фольклорлық сарындарға да аса жақындығы жоқ. Оның әңгімелерінде өзге әлем мүлдем кездеспейді.

Бұған жазушының білімі мен таланты жетпеді дей алмаймыз. Т.Боқыбайұлы мұндай әдістен де, эпикалық дүниетанымнан да соншалық бас тартқан жазушы. Қаламгер көп жағдайда мейілінше өз заманына жақын болуға тырысады. Өз заманындағы жағдайларды да аса дәріптей бермейді. Өзі көрмеген, өзі танып-білмеген өмірлік материалдарды жазуға да құлшынбайды. Сондықтан Т.Боқыбайұлы әңгімелеріндегі тарихи уақыт пен кеңістік белгілі бір хронологиялық тәртіппен орналасқан деуге болады. Қаламгер аралық позицияны ұстана отырып, ескі мен жаңаны өзара шендестіре суреттейді. Кейбір кертартпа ескілік мінез-құлықтар мен қоғамдағы келеңсіздіктерді сын садағына алып, ащы сарказммен, уытты ирониямен түйреп отырады.

Зерттеудің материалдары мен әдістері. Зерттеу деректері ретінде жазушының 1986 жылы шыққан «Жүрек сыры» атты кітабына енген әңгімелер топтамасы алынды. Сонымен қатар қазақ әңгімесінің тарихы мен даму жолдарын зерттеген шет елдік және отандық ғалымдардың еңбектерін басты назарда ұстадық.

Зерттеу жұмысын жазу барысында талдау, жүйелеу, салыстырмалы талдау әдістері қолданылды.

Қоғамның даму бағытының өзгеріске ұшырауы мен оның адамдар тағдырына ықпалы көркем шығармаларда көрініс тауып әдебиеттің басты тақырыбына айналып келеді. Сондықтан да қазіргі қазақ әңгімелерінен адамның ішкі әлемін етене жақын танытуға деген ұмтылыстың басым екендігі байқалып отыр. Сонымен қатар бүгінгі қоғамның бет-бейнесі мен беталысы көркемдік шеберлікпен сипатталған туындылар қатары көбейіп келеді. «Қазақ әңгімелері негізінен өзара қарым-қатынастан өткен кейіпкер арқылы әлеуметтік-қоғамдық ортаның қандай екенін танытатын өзгерістерді бейнелеген. Қазақ әңгімелеріндегі кейіпкерлер тұлғалық жағынан табиғатпен егіз жұптастырылған. Кейіпкер мінез-құлқы табиғатпен, табиғатқа тән құбылыс бейнеге телінуі – жазушы мұратын ашудағы басты бейнелеу құралы болып қалыптасқан тәсіл» [Ысқақ, 2010: 6] Образ сомдауда да, характер ашуда да түрлі көркемдік әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, жаңа бейне жасауда жазушылар біршама жетістіктерге жеткен [Қазақ әдебиетінің тарихы. Т. 10., 2010: 185]. Міне, сондай санаттағы қаламгерлердің қатарына біз Тельман Боқыбайұлын жатқыза аламыз.

Жазушы әңгімелеріне үңіле отырып, көп толғанатындығын, ізденетінін байқау аса қиынға соқпайды. Мәселен, оның кей әңгімелерінен Бейімбет Майлиннің жазу стилін байқасақ, «Ізбасар» әңгімесінің сюжеті Джек Лондонның «Бір кесек ет» («Кусок мясо») әңгімесіне ұқсастығын аңғарамыз [Боқыбайұлы, 1986: 27]. Бұл оның ізденімпаздық жолында қазақ және моңғол жазушыларының шығармаларын ғана оқып қоймай, әлемдік әдебиетпен сусын даға-нының нақты көрінісі дер едік. Демек, үйре ніп, көкейге тоқығанын қарапайым қазақ ауылының тұрмыс-тіршілігімен үйлестіріп, нақты рақ айтқанда қазақы сананы бойына сіңіре алған. Жалпы қаламгер әңгімелерін екі топқа бөліп қарас тыруымызға болады. Біріншісі – этногра-фиялық әңгімелері болса, екіншісі – сықақ әңгімелері.

Зерттеу нәтижесі және талқылануы. Этнографиялық әңгімелерінің көш басында «Ізбасар» әңгімесін айтуымызға болады. Әңгіме шаршы алаңдағы палуандардың ширақ қимыл, келісті бітіміне қызыға қараған Көкейдің өтіп бара жатқан дәуренін сағынуынан басталады. Кезінде ешкімнен жығылып, жамбасы жер иіскеп көрмеген қарт палуан бұл күнде өткен күнін талшық етіп қана өмір сүреді. Рас, жас бурадай жараған жеткіншектерін көргенде делебесі қозып, ескі сайтаны түрткенімен «күш қазандай қайнайды, белдесерге дәрмен жоқтың» кебін киіп пұшайман хал кешеді. Алайда өзімен бірге күресіп жүретін «шойын» Шағдардың ойда-жоқта кездесе кетуі Көкейге көп ой тастайды.

Өйткені Шағдар бұл сияқты өткеніне өкініп, мүсәпір болып жүрген жоқ. Өзінің ізін басар шәкірт баулып жүр. Бұл ой неғып ертерек есіне кел мегеніне налыған Көкей әдіс-айласының жетіс пеушілігінен әккі палуаннан жығылып қал-ған балаң Жақыпты баулуды өзіне мұрат санайды.

Әңгіме жалаң идеяға құрылмаған. Онда адам-ның өткінші дәурені, жалған дүниенің опындырар өкініші бар. Ол әсіресе Көкейдің қайраты кеміп, жасы ұлғайған шағында өзіне етене таныс, жақын ортасын тастап, жат ортаға көшіп келуінен айқын көрінеді. Аталмыш әңгімедегі әрбір деталь мен сюжет сілемдерінен Джек Лондонның «Бір кесек ет» әңгімесіне ұқсас жайттарды ұшыратамыз.

«Шаршы алаңдағы ұрыстар бұл үшін күнкөріс көзі. Рингте қарсыласын қаусатып, жарадар етіп, қатардан шығару үшін жасайды, бірақ сонысының өзінде өшпенділік деген болмайды. Бұл оның әдеттегі шаруасы. Көрермендер қарсыластардың бір-бірін қалай құлататынын көруге келеді. Жеңімпазға қомақты ақшалай сыйлық беріледі. ...Қалтасында бақыр тиын да да жоқ-тын, бұған үйге дейінгі екі мильдік жол соншама ұзақ көрінген. Иә, қартайып келеді екен! Домен бағын қиып өте беріп кенеттен ұрыс нәтижесін білу үшін ұйқтамай күтіп отырған

әйелі есіне түскенде еңсесі езіліп, кездескен орындыққа отыра кетті. Бұл кез келген нокауттан да ауыр еді және онымен жүзбе-жүз ұшырасуға беті шыдамайтындай көрінді» [Лондон, 2019]. Алайда әңгімедегі кейіпкердің яғни Том Кингтің ішкі жан күйзелісі, жан азабы Көкейдікінен өзгеше. Өйткені Том Кинг ұрыс алаңына кәсібін өгейлегеннен емес, аш жатқан отбасына талшық етер бірдеңе табу үшін келетін. Бұрын өзінен соққы жейтін жас боксшылар қазір оның өзін ойыншық етеді. Сонда да несібесіне бірдеңе тиер деген үмітінен таймайды. Ал Көкейдің ішкі-жан дүниесіндегі арпалыс – ондаған жылдар бойы абыройын аспандатқан төл өнерімен қайта қауыша алмайтындығында ғана жатыр. Бірақ күйзелген көңіліне тиянақ табылды. Құр бекерге қиналмай, шәкірт баулуды дұрыс деп тапты. Өз өнерін, ізін жалғастырар ізбасары болса, онда арманының да өлмегені. Жазушы осы бір сюжетті аса нанымды әрі ұтымды жеткізе білген. Кейіпкердің тұлғасы қимыл-қарекет үстінде сәтті ашылған. Оның ішкі жан әлеміне үңілушілік автор қолданған көркем детальдар арқылы айқындала түскен. «Көркем шығармалардың құрылысы (композициясы) тек түрге ғана байланысты мәселе емес, мазмұн, идеяға байланысты мәселе. Шығармаларда суреттелетін оқиғалар, олардың бөлшектерін, адамдардың іс-амалдарын жігін таптырмастай шебер қиюластыру жазушының дарындылығымен байланысты болса, қандай сюжет алу және оқиғаға қатысушылардың қайсысын қалай көрсету жазушының өмірге көзқарасы, шығарманың идеясымен байланысты [Классикалық зерттеулер. Т. 15., 2013: 56].

Жазушының 1986 жылы шыққан «Жүрек сыры» атты әңгімелер жинағы оқырманын елең еткізген тосын құбылыс болғаны рас. Бұл туралы ақын әрі сыншы Ақын Алақанұлы «Тілі шұрайлы, ойы ұтымды, оқиғасы ықшам да жинақы әлденеше әңгіме, новеллаларымен үміт күттірген жас жазушыларымыздың бірі – Боқыбайұлы Тельман. Оның «Жүрек сыры» жинағы сол үмітті тағы бір қырынан ақтағандай болды. Кітапқа кірген әңгіме, новеллалардың қай-қайсысы да өзіндік қырымен оқушыға ой салып, оқып біткенше қызықтырып отырады. Боқыбайұлы Тельманның көркем тіл арқылы көрікті сурет жасайтындығы қуантады» [Алақанұлы, 1987], - деп жазды.

Әрине, жинаққа енген әрбір әңгіменің көтерген жүгі, өзіндік айтар ойы бар екені анық. Әңгімелерінде Т.Боқыбайұлына тән қолтаңба бірден менмұндалап көзге ілінеді. Қоғамдағы келеңсіздіктерді батыл сынап, айқын көрсете білген.

Мәселен, «Бір ауылдың азаматтары» әңгімесінде әлі де болса ерепайсыз тірліктің нақтырақ айтқанда рушылдықтың зардабы тиіп отырғанын айтады [Боқыбайұлы, 1986]. Туындыда совхоз қызметкерлерінің жеңұшынан жалғасқан, бармақ басты, көз қысты әрекеттері сөз етіледі. Табыс қанша оқыған білімді жас болғанымен, басқа рудың адамы. Сонымен қоса бригадир, бухгалтер, басқа да өкілдердің арам пиғылдарын іске асыртпай «жолдан қаққаны» тағы бар. Қолында аз да болса билігі бар қызметкерлер бұл былықшылыққа көнгісі келмеген жас маман – Табысты ықтырып, бір-екі рет сөгіс жариялап, асау ойларын күшпен бұғалықтап, еріксіз мойынсұнуға мәжбүрлейді. Онысына өздері міз бақпайды. Жалғанды жалпағынан басып жүргендей шіренеді. Тоғышарлықпен, жалғандықпен күрескен шырылдаған шындықтың беделі тым әлсіз. Өйткені бүкіл бүтін қоғамды екіжүзділер жайлап алған. Әңгімеде жалған ақпар, жалған саңлақтардың бет-бейнесі айқын танылады. Кейіпкерлердің ішкі ой-толғаныстары арқылы совхоз қызметкерлерінің былыққа белшесінен батқан арамдықтарын әшкерелейді.

Оқиға болған тарихи уақыт пен кеңістік осы жерде тағы да белгілі болды. Оқырман рушылдық, ара ағайындық, партияшылдық дәуірдің нақты мөлшерін шамамен біліп отыр. Әңгіменің сюжетіне жазушының тікелей қатысы болмаса да, өзі көрген өмірлік материалға негізделген сияқты. Өйткені мұнда жалпы болмыстың баяны арқау болмаған, болған оқиғаның дерегі сезіледі. Ал жазушы көркемдік уақыт пен кеңістікке өткен мезгілдің оқиғасын топтап, сығымдап жіберген. Бүгінгі оқырман жазушы әңгімелеріне уақыт жағынан алыс тұрғанымен, сюжеттік мекеншақта мифтік, аңыздық, эпостық элементтер жоқ екенін байқайды. Демек, уақыттың дәуірлік, циклдік бедерлері классикалық түрде орналасқан.

Автор әңгіме түйінін мәңгі бақи қабыспайтын әділетсіздік пен әділдіктің бітіспес күресінен іздейді. Әрі әділдіктің салтанат құратынына сенімі мол. Торыққан көңілдің екіжүзді тоғышарларға күні үшін түсіп беретіндігін, түсіп бермесе қоғамнан аластатылатынын Топан ойы арқылы да бере білген. Бірақ мұның бәрі уақытша екенін де біледі.

Жинаққа енген «Құдалық жолы» әңгімесі аса қызықты да тартымды оқиғамен баяндалған [Боқыбайұлы, 1986]. Қазақы қаймағы бұзылмаған кез келген ортада қыңыр-қияс мінездері болса да, адалдығымен ағайынға, әмбе жұртқа қадірлі қариялар жиі ұшырасып жатады. Әңгімедегі Қиясбай да елге сыйлы қариялардың бірі. Көңіліне жақпағанға қиястанып, қыңырлық

мінез танытқанымен, шынтуайтына келгенде адалдықтың нағыз жоқтаушысының өзі. Осы бір қалыпқа сыймайтын тосын мінезді адамның қызын айттырудың қияметі әңгіменің шырайын ашып, көріктендіре түскен. Әрі бұл құдалық Қиясбайдың әдеби портретін жасауға сәтті пайдаланылған. Қиясбайдың өзгеден дара өрлігі, ұсақ-түйекке қызықпас ірілігі танылып, оның мінезінің ешкімге түсініксіз жұмбақ қырлары ашылады. Қызын жанынан артық бағалайтын Қиясбайдың құдалық жолымен ұсынған «өлітірі», «сүтақы сияқты ырым-жоралғылардан бас тартуы да оның ерекше тұлғасын әйгілей түседі. Қиясбайдың ойынша ананың ақ сүті ешқандай ақшаға өлшенбейді. Керісінше, ол – қызының басын кемсітіп, өзіне деген сый-құрметті азайта түсетіндей. Өзінің ұстанған қағидасынан басқаға мойынбұрмайтын бірбеткей жанның тұлғасы әңгімедегі әр диалог, қимыл-қозғалыс арқылы айқындалып тұр. Тельманның әңгіме табиғатына аса мән беретіндігі соншалық, сюжеттік желіні жақсы өрнектейді. Оның композициясы да, шешімі де сол сюжеттен ауытқымайды. Діттеген мүддесіне қол жеткізіп тынады.

Ал «Жұбаныш» әңгімесі өмірде бас қамын ғана күйттейтін, қызмет орнын сол үшін пайдаланатын күйкі жандардың пендешілік қарекетін көрсетуге бағытталған [Боқыбайұлы, 1986]. Ақбайдың көлгірсіген бет-бейнесі, жымсыма қулығы қаншама бүркемелейін десе де, жас маман Қабылға аян. Қабыл өзін мамандығы бойынша қабылдай алмаған басшыға реніш білдірмейді. Ұсынған қызметіне орналасуға келісімін береді. Бірақ ішкі есебі өзінде. Талай жыл ат ізін салмай кеткен, тіпті өліміне де көңіл айтуға қолы тимеген Ақбай жастайынан бірге өсіп, біте қайнаған досының үйін өз басына күн туғанда ғана іздейді. Оның өзінде көңіл айту мақсатымен емес, желіккен ұлын тидырып, арыз жазғанын тоқтату мақсатында ғана. Күйкіліктің күйбеңін өзіне тән асқақтық санаған Ақбай ар алдында бәрібір төменшік еді. Онысын шаруабастылығымен ақтамақ болады. Автордың түпкі ойы – мұндай есер басшыларды ауыздықтайтын адал жандар өмірде бар екенін көрсету. Қабыл да қиянатқа, көр соқырлыққа жаны шыдамас ізгілік иесі. Ол Ақбайдың жолдастығына жығылып, істі мәймеңкөлемейді, турашылдығына көшеді.

Жалпы Т.Боқыбайұлы әңгімелерінің көпшілігі қоғамымызды жайлап алған осындай індеттің бет-пердесін әшкерелеу мақсатында жазылған. Одан құтылудың жалғыз жолы – әділ, тура басшылар тәрбиелеу деп түйеді. Тағы бір айта кетерлік жайт, қаламгер әңгімелерінің түйінінде философиялық ой, астар жатады. Әңгімеге өзек болған идеясын осы түйін арқылы жарыққа шығарады.

«Бейімбет туындыларындағы түрлі-түрлі тағдырлармен кездесіп, әр алуан күй кешесіз. Кішкентай көрініс, шағын суретпен кісінің кескін-келбетін, қимыл-әрекетін есет қаларлықтай етіп мүсіндеп, шынайы қалпында жеткізіп беру Бейімбеттің сөз зергерлігінің үлкен бір ерекшелігі. Шағын штрих, елеусіз көрінетін кішкентай деталь, ой тұңғиығынан төгілген орайлы оралымдар қаншама [Бейісқұлов, 1994: 65]. Т.Боқыбайұлы әңгімелерінде де Бейімбет әңгімелерінің сілемі, оның шығармашылық дара ізденісінің соқпағы байқалады. Мәселен, «Немере» атты әңгімесінде қарапайым ұстаздың өз мамандығы жайындағы ой-түйіндерін әңгімелеп келеді де, есіктен қуана кірген немересінің бір ауыз сөзімен әңгіменің өзекті идеясын айқындайды:

«- Ата, ата! – есіктен немересі екі езуі екі құлағына жетіп, айқайлай кірді. – Мені Үрқия мұғалім есептің жарысына қатыстырам деді. Мен есептен күнде «бес» аламын. Мен бәрінен артықпын.

- Ой, айналайын, - деп айналып-толғанып жатыр атасы.

- Мен бәрінен озып шығамын, ата.

-Иә, иә, озып шығасың, - деп жөптеді апасы.

Ал атасының қабағы кіржің ете қалды. Өзі әдеттенбеген аса жиіркенішті бір сезім немересін баурап алып бара жатқандай» [Боқыбайұлы, 1986: 54].

Аталмыш жинақтағы «Өкініш», «Қызғаныш», «Айтылмаған сыр», «Айтылмайтын сыр» әңгімелері сезім сергелдеңіне түскен жастар махаббатынан сыр шертеді. Бұл әңгімелердегі кейіпкерлерінің бірі – әлдебір алаяқтың алдауына түсіп, мәңгілік шерменде күй кешсе, енді біреулерінің отбасы, ошақ қасы бола тұра, басқа біреуге көңілінің ауыу ұйып отырған отбасының көре алмас көршілерінің өсегінің кесірінен шаңырағының шайқалуы баяндалады.

«Қызғаныш» әңгімесі– қос босағаның бір тіреуі – әйел-ананың қоғамдық қызмет деп өзінің міндетін босаңсытып алуынан бұның соңы араға қызғаныш атты ала мысықтың кіруіне әкеліп тірейді [Боқыбайұлы, 1986]. Оның үстіне көршілердің пыш-пыш өсегін қосыңыз. Бұл кеудесінде қызғаныш өрті тұтанған отағасын сабасынан шығарып, ашуға ерік береді. Ақыры ешқандай кінәсі болмаса да, әйелін үйден қуып шығады. Қызғаныш деген «қызыл иттің» осындай ойраны боларын Т.Боқыбайұлы бұл әңгімесінде нанымды бедерлейді. Кенебайдың әйелі Ғайниды көлденең көк аттыдан қызғанатын

жөні де бар. Өйткені онымен қызметтес Байжан әйелінің парталас досы, онымен қоймай күдігі мол, жұмбақ жігіт. Әрі таскенедей жабысып, Ғайнидың жанынан бір елі қалмайды. Ғайнидың да оған деген ілтипаты ерекше. Үйіне келсе отағасының тырысып отырған қабағына қарамай-ақ жылы шыраймен қарсы алады. Міне, осының бәрі Кенебайдың қызғанышының тұтануына түрткі болды. Бұл мәселеде өсекші, көрші Мамырдың да атқарған міндеті ерекше.

Автор «ашу – дұшпан, ақыл – дос» екенін оқырман назарына ұсынып, қандай да бір нәрсені ашумен шешуге болмайтындығын ескертеді. Шығарманы оқып отырып, өмірдің қым-қуыт қалтарыс соқпақтардан тұратынын, сол сан соқпақтан жол таба білу керек екенін сезінесің. Егер аяғыңды шалыс бассаң болғаны өмір иірімдері иіріп әкеліп, сеңсоққан балықтай бір сәтте-ақ жағаға лақтырып тастағанда, құр сүлдерің қалғанын бірақ білесің. Содан кейін ес жинап қайта күресуге дәрменің жетсе, тірлік кешкенін, күш-қуатың жетпесе азып-тозып өлгенің. Мейлі сен адамзаттың ішіндегі бетке ұстар ақылдысы бол, бармағыңнан бал тамған шебер бол осының бәрі де көк тиын. Тек өмір атты айдын шалқар теңіздің сұрапыл дауылдарына төтеп беріп, тосқауыл бола алатын шыдамдылық пен төзімділік қана бәрін жеңбек. Бұдан шығатын түйін екі аяқты пенделердің ар-ұяттан безуі, ауырдың асты, жеңілдің үстімен жүріп күн көруі, адамшылықты атақ пен даңқтың, дақпырт пен даңғазалықтың жеңуі. Жазушы осындай шағын да шымыр оқиға арқылы өмір жайында философиялық түйін жасайды.

